



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Құрметті жиынға қатысушылар!
Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Құрметті Парламент депутаттары!

Қадірлі қауым!

Баршаңызды жаңадан сайланған Парламенттің алғашқы сессиясының ашылуымен құттықтаймын! Сайлауда жеңіске жетіп, депутат атанған азаматтардың қызметіне табыс тілеймін! Сіздер мемлекетімізді дамыту және ел мүддесін қорғау ісіне үлес қосасыздар деп сенемін.

Мен бір жыл бұрын, осы ғимаратта халыққа Жолдауымды жарияладым. Еліміз үшін аса маңызды сәтте саяси жаңғыру бағдарламасын ұсындым. Бадамаларымыз жұрттың шынайы қолдауына ие болды. Оған былтырғы референдумда айқын көз жеткіздік. Біз тәуекелге бел буып, бірден іске кірістік. Бір жылдың ішінде ауқымды



жылдар бойы қажырлы еңбек ету қажет. Халықтың және тарихтың алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. Бір сөзбен айтсақ, ұзақ мерзімді, жүйелі стратегияның арқасында ғана жеңіске жетуге болады. Қажетті дауыс жинай алмаған үміткерлер үшін де бұл – үлкен тәжірибе және жаңа мүмкіндік. Баршаңызды Қазақстан мүддесі үшін жұмылып жұмыс істеуге шақырамын.

Небәрі бір жылда мұндай ауқымды жұмысты іске асыру – нағыз жасампаз жұрттың ғана қолынан келетін шаруа. Біз Отанымызды өркендету жолында зор бетбұрыс жасап, жаңа дәуірге қадам бастық. Бірақ өзгерістер мұнымен бітпейді. Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, биліктің барлық институттары жаңарып, тың

Еліміздің мақсаты айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

жұмыс атқарылды. Конституциялық реформа арқылы бүкіл жүйені өзгертін қадамдар жасалды. Президент жеті жылға бір рет қана сайланатын болды. Сондай-ақ, Парламенттің құзыреті мен қызметі қайта қаралды. Депутаттардың рөлі едәуір күшейді. Конституциялық Сот құрылды. Бүкіл сот жүйесіне түбегейлі реформа жасау басталды. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты жұмыс жаңаша сипат алды. Азаматтардың саяси өмірге емін-еркін араласуына жол ашылды. Реформаларымыз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделді. Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі.

Референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға кірістік. Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды 5 саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік. Қазақстанның жаңарып, жаңғыра бастағанына жұрттың көзі жетті.

Кешегі сайлауда партиялармен қатар көптеген азаматымыз бір мандатты округтен өзін-өзі ұсынды. Осылайша, халқымыз маңызды өзгеріске өз үлесін қосуға дайын екенін дәлелдеді. Елімізде жаңа азаматтық, саяси мәдениет қалыптасып жатыр. Мен сайлауға белсене қатысқан барша азаматқа алғыс айтамын. Бұл науқан, шын мәнінде, бұрынғыдан ерекше, өзгеше болды. Сайлау науқаны шынайы бәсеке жағдайында, ашық өтті. Үгіт-насихат кезеңін және дауыс беру барысын ақпарат құралдары жан-жақты көрсетті. Партияларға, үміткерлерге бірдей мүмкіндік берілді. Мұны отандық және шетелдік байқаушылар

да айтып отыр. Қандай да бір саяси ұйымға артықшылық берілген жоқ. Президент ешбір партияның мүшесі емес. Облыс әкімдері партия бөлімшелеріне жетекшілік етпейді. Жоғары лауазымды қызметкерлер партия тізімінде болған жоқ. Яғни барлық партиялар сайлауға бірдей жағдайда қатысты. Сайлаушылар да, үміткерлер де айрықша белсенді болды. Саяси партиялар әр аймақта ел назарын өзіне аудару үшін тартысқа түсті. Бірнеше рет тікелей эфирде партиялар арасында қызу және тиімді пікірталас болды. Бұл – демократиялық қоғам үшін қалыптасу үрдісі. Мұның бәрі Қазақстанда ашық азаматтық қоғамның нығайып келе жатқанын көрсетті. Сайлау науқаны кезінде көптеген орынды сын, байыпты ұсыныс айтылды. Біз айтылған салмақты ұсыныстарды міндетті түрде зерделейміз.

Бәсеке жоғары болғандықтан, сайлау нәтижесін алдын-ала болжау мүмкін емес болды. Оның қорытындысы еліміздің нағыз көппартиялы мемлекетке айналу жолында маңызды қадам жасағанын көрсетті. Мемлекет басшысы ретінде айтарым, Мәжіліске көзқарасы әртүрлі саяси ұстанымдағы күштер келді деп есептеймін. Алғаш рет ұзақ жыл бойы оппозицияда болған партия Парламентке өтті.

Біз осының бәріне ауқымды саяси реформаның арқасында қол жеткіздік. Партияларды тіркеу мәселесін реттейтін заңнаманың өзгеруі де бұған септігін тигізді. Енді партиялар еліміздің болашағына зор ықпал ететін саяси үдерістің басы-қасында жүретін болады. Мәжіліске бір мандатты округтен де депутаттар сайланды. Яғни Парламентке түрлі әлеуметтік топтан шыққан өкілдердің келуіне жол ашылды. Сондай-ақ, ұзақ жылдан бері алғаш рет өзін-өзі ұсынған үміткерлер депутат атанды. Бірқатар азамат партия атынан шыққан үміткерлерді тартысты бәсекеде жеңіп шықты. Осылайша, елімізде демократия дәстүрі жаңа деңгейге көтеріліп, нығая түсті. Саяси күштердің бәріне бірдей

мүмкіндік берілетініне азаматтардың сенімі артты.

Еліміздің жастары әрдайым менің айрықша назарымда екені баршаға мәлім. Мен билікке ойы озық, білімді жастар келуі керек деп үнемі айтамын. Өскелең ұрпақты ел ісіне баулу – өте маңызды мәселе. Олар қоғамға жаңа құндылықтар әкелуге тиіс. Сайлау кезінде жас кандидаттар бірігіп, өз тобын құрғаны белгілі. Осы одақтың белсенді мүшелері Парламентке және мәслихаттарға өтті. Осылайша, өкілді билік тармағына саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Жастар мұны елімізді дамытуға берілген бірегей мүмкіндік деп бағалауы қажет.

Сондай-ақ, әйелдердің және ерекше қажеттілігі бар жандардың Мәжіліске өтуіне жағдай жасалды. Саяси науқан қоғамдағы әрбір азамат Парламентке мүше бола алатынын және «әлеуметтік лифт» жұмыс істейтінін айқын аңғартты. Әділетті қоғамның қалыптасуы дегеніміз – осы!

Бұл сайлау үміткерлерге қойылатын талап өзгергенін көрсетті. Қазір тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнату өте маңызды. Мұны дұрыс түсініп, елмен етене араласа білген үміткерлер халық сайлаған өкіл атанды. Сайлаушылар өзінің мұң-мұқтажын білетін және мүддесін қорғай алатын азаматтарға дауыс берді. Ақпараттық технология дамыған қазіргі заманда халық бәрін жіті бақылап отыр. Осы ретте депутаттардың ел алдындағы жауапкершілігі артқанын атап өткен жөн. Сондықтан осы ғимаратта отырған депутаттар 5 жыл бойы саналы, парасатты түрде белсенді жұмыс істейді деп сенемін. Себебі, ел мүддесі үшін қызмет ету қажет. Бұл – «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген қағиданың тағы бір көрінісі.

Осы науқанға өте көп адам қатысты. Бұл – қалыптасу үрдісі. Олардың арасында мақсаты, ұстанымы әртүрлі жандар бар. Қазір елдің көзі ашық, көкірегі ояу, саяси сауаты жоғары. Кез келген сайлауда жеңіске жету үшін

қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Кейбір адамдар, солардың ішінде саясаткерлер де бар, осындай реформалар Қазақстанға қауіп төндіруі мүмкін деп айтады. Бірақ, мен осы өзгерістердің барлығы, ең алдымен, ел болашағы үшін ауадай қажет деп ойлаймын.

С избранным пути ни в коем случае нельзя сворачивать. Напротив, следует твердой поступью идти по пути реформ, держа в фокусе внимания такие фундаментальные ценности, как верховенство закона, единство народа, социальная справедливость и внутриполитическая стабильность.

Құрметті депутаттар!

Алдымызда айрықша маңызды міндеттер тұр. Біз жан-жақты жаңғырту жұмысын күшейтуіміз қажет. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық даму барысына тың серпін беруіміз керек. Еліміз ұзақ уақыт бойы қолайлы сыртқы ахуалға арқа сүйіп келді. Неше түрлі тұжырымдамаларға, бағдарламаларға сенді. Атқарылған жұмыс туралы жалған есепке сенуге мәжбүр болды. Алайда, аса маңызды, өзекті мәселелер назардан тыс қалды. Халықтың тұрмыс сапасы әлі күнге дейін жақсы емес. Құқықтық әділетсіздік белең алды. Бай мен кедейдің арасы алшақтай түсті. Алдағы бес жылда Үкімет және Парламент осы негізгі мәселелердің шешімін табуы қажет. Біз еліміздің белдеуін бекемдеп тартуымыз керек. Экономикада және әлеуметтік салада жылдар бойы жиналып қалған түйткілдер бар. Оның барлығын ретке келтіруіміз қажет.

(Жалғасы 2-3-4-беттерде).

Еліміздің мақсаты айқын,

Сол үшін жұрттың бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ, тиімді әрі қажетті шешімдер қабылдау керек болады.

Нам предстоит работать в формате четких приоритетов. Особо важные вопросы решать незамедлительно. Но какие-то вопросы придется отложить, по каким-то – только наметить контуры будущих решений. По-другому нельзя, иначе мы распылим свои усилия и растратим имеющиеся ресурсы.

Предстоящие пять лет станут определяющими для нашей страны.

Нам предстоит сформировать качественную законодательную базу для обеспечения динамичного прогресса страны.

Для этого потребуются изменить правила и принципы функционирования нашей экономики.

Первые шаги в этом направлении уже сделаны – проводится работа по демонаполизации и возврату незаконно выведенных из страны капиталов.

И это не означает, что стране не нужен устойчивый, конкурентоспособный крупный бизнес. Безусловно нужен, и мы будем его поддерживать.

В нашей новой экономической парадигме он начнет работать по-новому и обязательно получит свое развитие.

В целом, создание открытой и самодостаточной рыночной экономики остается главным приоритетом.

При этом движущей силой экономики и рынка труда должно стать малое и среднее предпринимательство.

Об этом много говорилось, однако, значимых сдвигов в данном направлении так и не сделано.

Поэтому понадобится поменять акценты в нашей экономической политике.

Нужно запустить комплекс полноценных мер поддержки малого и среднего бизнеса, который должен в полной мере ощутить свою значимую роль в развитии страны.

Нам необходима новая волна предпринимателей, способных взять на себя ответственность за экономический прогресс Казахстана.

Ее ядром должны стать бизнесмены, которые без доступа к административным ресурсам, за счет предпринимательских талантов и трудолюбия смогли построить успешное дело. Такие люди есть в каждом регионе. Важно дать им возможность развивать свой бизнес внутри страны и реально помочь им.

Существующая экономическая модель в Казахстане основывается на привлечении инвестиций, в первую очередь, в сырьевые секторы. Поэтому средний бизнес, составляющий костяк национальной буржуазии, развивается бессистемно, только в отдельных регионах.

В целом, перед Правительством стоит задача привлечения в ключевые отрасли экономики значительных инвестиций, включая зарубежные. Они должны дать ощутимый толчок развитию среднего бизнеса. В этом вопросе волокиты быть не может.

Елді жайлаған індет және оның салдары кәсіпкерлерге оңай тимегені анық. Былтырдан бері саяси жүйені жаңғыртуға баса мән бердік. Енді экономикадағы нақты мәселелермен айналысатын кез келді. Бұл жұмысты мықтап қолға алу керек.

Біздің басты міндетіміздің бірі – жекеменшікті қорғау және нарықтың бәсекелі болуын қамтамасыз ету. Сол үшін сот және құқық қорғау жүйесіндегі реформаларды жалғастыру қажет. Мен еліміздің кәсіпкерлеріне үндеу жасағым келеді. Қазақстан – бәріміздің ортақ мекеніміз. Ендеше, қастерлі Отанымызды бірге өркендетейік, болашағымызды бірге құрайық. Мен Прези-



дент ретінде сіздерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетініне кепілдік беремін.

Біз шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілетін арттыру мәселесіне баса мән береміз. Осы орайда шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеу қажет. Ең бастысы, мемлекеттік қолдауға ие болатын жобаларды іріктеу ашық өтуге тиіс. Жобаның нақты әлеуметтік-экономикалық тиімділігін ескеру қажет. Осы орайда Үкіметке депутаттармен бірлесіп, орта бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді тапсырамын. Өйткені, орта бизнес ел экономикасын дамыту ісінде басты рөл атқарады. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады. «Атамекен» ұлттық палатасы шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп, сыртқы нарықта ұлттық бизнестің мүддесін қорғауы керек. Сондай-ақ, Үкіметпен ынтымақтастықты барынша нығайту қажет.

Нам следует заняться реальной индустриализацией, локализацией производства, модернизацией инфраструктуры. Проекты, финансируемые из бюджета, должны претворяться в жизнь в первую очередь отечественными предпринимателями.

Жалпы, алдағы бесжылдық шағын және орта бизнесті қолдауға арналуы керек. Ұлттық жобалар уақтылы және сапалы жүзеге асырылуға тиіс. Бюджеттің әрбір тиыны тиімді жұмсалуды керек. Осының бәріне парламенттік бақылау жасау айрықша маңызды. Өздеріңізге дауыс берген азаматтар үлкен үміт күтіп, сенім артып отыр.

Депутаттар билік пен қоғамның әріптестігін нығайтуға үлес қосуы қажет. Бұл жұмыс «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орнықтыруға септігін тигізеді. Әсіресе, сайлауда жеңіске жеткен Аманат партиясы осы жұмысқа белсене атсалысады деп сенемін. Партияның тәжірибесі мол, қоғам тарапынан жан-жақты қолдау бар. Сондықтан Аманат партиясы алдағы өзгерістердің бел ортасында болады деп үміттенемін.

В целом, перед всеми депутатами стоит одна задача – каждый день быть на «передовой», принимать решения и нести за них ответственность перед народом. Необходимо выстроить действенные механизмы обратной связи с гражданами, чтобы эффективно отстаивать их интересы, содействовать решению актуальных проблем страны.

Еліміздің негізгі басымдықтарын баршаңыз жақсы білесіздер. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және ұлттық жаңа сапасын қалыптастыру. Сол арқылы тамыры тереңде жатқан мемлекеттік дәстүрімізді нығайта түсу. Осы орайда мен Парламенттің алдағы жұмысы туралы

ойымды ортаға салғым келеді.

БІРІНШІ. Іскерлік белсенділікті ынталандыру қажет. Ол үшін, ең алдымен, әділ, тұрақты әрі ашық салық жүйесін қалыптастыру керек. Новая модель налоговой политики должна обеспечить оптимальное распределение национального богатства, высокий уровень экономической активности и точечную поддержку приоритетных отраслей экономики. Салық кодексі және тұтас салық саясаты түсінікті, тұрақты болуы қажет.

Весь процесс взаимодействия фискальных органов с бизнесом требует, наконец, полностью оцифровать. Это позволит в значительной степени облегчить жизнь предпринимателей, а также на системной основе увеличивать поступления в бюджет. В Парламенте можно было бы обсудить возможность дифференциации ставки по корпоративному подоходному налогу (КПН) и налогу на добавленную стоимость (НДС), которые формируют львиную долю госбюджета. Ірі кәсіпорындар және шикізат экспортымен айналысатын компаниялар қазынаға көбірек төлем түсірсе, әділдік болар еді. Бұл әлемде бар озық тәжірибе.

Қазір елдегі жағдай түбегейлі өзгерді. Әділетті Қазақстан дегеніміз – жалаң ұран емес, бұл – анық ақиқат. Алда атқаратын жұмыс көп. Біз бұған бір ел болып түгел атсалысуымыз керек.

С начала прошлого года ведется работа по демонаполизации экономики. Это непростой процесс, требующий воли и профессионализма со стороны Правительства. Однако эту работу надо продолжать.

Предстоит внедрить понятные и действенные инструменты, обеспечивающие контроль при трансфертном ценообразовании, международном налогообложении, выделении субсидий и государственных ресурсов.

Одним из первых указов, который я подписал после переизбрания Президентом, стал Указ о мерах по возврату государству незаконно выведенных активов.

Правительство и Генеральная прокуратура уже подготовили отдельный законопроект.

Прошу Парламент в ближайшее время принять соответствующий закон. Эти средства должны быть направлены исключительно на развитие страны. Это касается в том числе и бюджетных расходов. Однако планирование и исполнение бюджета оставляет желать лучшего.

Растут расходы на обслуживание госдолга, не снижаются трансферты из Национального фонда, сохраняются проблемы с эффективностью освоения бюджетов всех уровней. Поэтому нам нужна продуманная и сбалансированная бюджетная политика. Проект нового Бюджетного ко-

декса, который будет внесен в Парламент в текущем году, должен быть направлен на решение данных вопросов.

Тағы бір маңызды мәселе. Үкімет және Парламент туризмді дамыту мәселесіне баса назар аударуға тиіс. Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ, сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Кәсіпкерлер туризмнің болашағы зор екенін көруі керек. Сол үшін қажетті жағдайды жасаған жөн. Осы салаға салынған жеке инвестицияның көлемі, іштен және сырттан келген туристердің саны неғұрлым көп болса, жұмыстың нәтижесі де соғұрлым тиімді болмақ.

Жалпы, орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау саясаты мемлекетіміздің ұзақ мерзімге арналған тұрақты стратегиясына айналуы керек. «Ақ жол» партиясы шағын және орта бизнесті дамыту, экономиканы монополиядан арылту туралы үнемі айтып жүр. Партияның Мәжілістегі депутаттары осы жұмысқа өз үлесін қосады деп сенемін. Сондай-ақ, кәсіпкерлердің бастамасымен құрылған Respublica партиясы Парламентке өтті. Бұл ұйым бизнестің дамуына қолайлы жағдай қалыптастыруға атсалысады деп ойлаймын.

Тағы бір өзекті мәселеге назар аударғым келеді. Заңдар мен түрлі ережелерді әзірлеген кезде қаржы-өнеркәсіп топтары, ірі бизнес өкілдері шешім қабылдауға зор ықпал етеді. Ашығын айтсақ, бұл барлық елге, тіпті, дамыған мемлекеттерге тән жағдай. Бірақ, осы үдерісті қоғамнан жасырмай, заңмен реттеу керек, әйтпесе, жемқорлық белең алады. Өркениетті елдерде саясат жабық есік жағдайында астыртын жасалмайды. Сондықтан лоббистік қызметті заңмен реттеудің және оған бақылау жасаудың халықаралық тәжірибесін зерттеу керек.

ЕКІНШІ. Еліміздің өндірістік әлеуетін барынша арттыру маңызды. Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін пайдалы қазбаларға тәуелді болып отыр. Яғни ел экономикасының құрылымы – қарапайым. Шын мәнінде, бізге қарқынды даму үшін күрделі, әртарапты экономикалық құрылым қажет. Әрине, шикізат нарығындағы әлемдік бәсекеде біздің өз артықшылығымыз бар. Қазіргі және стратегиялық міндеттерді орындау үшін оны тиімді пайдалану қажет. Сондықтан осы саланы одан әрі дамыта беру керек.

Однако, за последние десятилетия в сфере недропользования накопились системные проблемы. Полноценную реализацию возможностей горнодобывающей промышленности сдерживают недостаточные объемы геологоразведочных работ. Темпы восполнения минерально-сырьевой базы также замедляются. И это происходит на фоне истощения осваиваемых недр.

Қазба байлықты тиімді және үнемді пайдалану қажет. Ол үшін заңнаманы жақсартып, рәсімдерді жеңілдету керек. Геологиялық барлау және кеніштерді игеру ісіне инвестиция тарту айрықша маңызды. Үкімет пен Парламент осы салаға қатысты нақты шаралар әзірлеуге тиіс.

Былтыр тауар газының тапшылығына тап болдық. Бұл жағдай бүкіл еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне қатер төндірсе жаздады. Мұндай келеңсіздікке жол бермеу үшін нарықты газбен қамтамасыз ету керек. Қазақстанда газдың бағасы көрші мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда арзан. Шетелдегі сияқты әртүрлі тарифтерді бізге де енгізу мүмкіндігін қарастырған жөн.

бұл-Әділетті Қазақстанды құру

Жалпы, төмен тарифтер мен төмен бағалар экономикамызға теріс ықпал етеді. Бөлінген барлық субсидиялар көрші елдерге босқа кетеді. Қаншалықты қиын болса да, бұл мәселені біртіндеп шешу қажет. Басқа жол жоқ.

Для тех, кто сейчас днем и ночью отапливает огромные особняки по низкому тарифу, в новой системе цена кубометра должна стать выше. В этом и проявляется социальная справедливость.

Важно повышать эффективность использования имеющегося сырья, надо учиться жить в условиях жесткой экономики как в быту, так и на уровне государства. Это мировая практика, которая усилилась в современной сложной геополитической ситуации. Бесконтрольное и нерациональное использование дешевого газа как в производстве, так и в быту, должно уйти в прошлое. Правительству следует разработать План энергоэффективности и рационального потребления товарного газа.

Бәсекеге қабілетті экономика дегеніміз – әртарапандырылған экономика. Пандемия және қазіргі геосаяси дағдарыс шикізат нарығының тұрақсыз екенін айқын көрсетті. Қазба байлыққа ғана арқа сүйеіп, қамсыз отыратын заман келмеске кетті. Жер қойнауынан шыққан қазынаның қосымша құнын барынша арттыру керек. Оны сапалы және сұранысқа ие тауарға айналдыру өте маңызды. Бұған дейінгі индустрияландыру жұмысының барысында шикізаттық емес сала ойдағыдай дамыған жоқ. Азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тауардың өзін әлі күнге дейін сырттан сатып алып отырмыз. Инфляцияның өсуіне басты себептің бірі – осы.

Еліміздің экономикасы сыртқы саудаға және инвестицияға әрдайым ашық. Қазақстан – Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі. Сондықтан сыртқы саудамызды еркін түрде дамытуымыз керек. Бірақ, кемінде өз әлеуетіміз жететін нәрселермен өзімізді қамтамасыз етуіміз қажет. Мысалы, шикізат та, мамандар да, кейбір технология да өз елімізде бар.

Елдің ішкі сұранысын өтеуге қатысты бір негізгі ұстаным болуға тиіс. Ең алдымен, ішкі нарыққа бағытталған өңдеу өнеркәсібін дамытуымыз қажет. Өңдеу өнеркәсібін инновация мен жоғары технология ғана жедел дамытады. Бұл – айдан анық нәрсе. Сол себепті Қазақстан экономикасы ғылыми жетістіктерді негізге алуы керек. Зерттеу жүргізіп, патент алу жеткіліксіз. Ғылыми жаңалықтарды өндірісте пайдалану қажет. Ғылымды жан-жақты дамыту үшін жаңа заң қабылдау керек. Депутаттар осы заң жобасына мән береді деп ойлаймын.

ҮШІНШІ. Инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау қажет. Биылғы қыстың қалай өткенін баршаңыз білесіздер. Қыстың көзі қырауда бірқатар аймақта қалалар мен елді мекендер жылусыз қалды. Әбден тозған энергетика инфрақұрылымы әрең жұмыс істеп тұр. Менің тапсырмаммен электр энергетикасы нарығын дамытудың жаңа үлгісі дайындалып жатыр. Сол арқылы осы салаға қосымша инвестиция тарту көзделіп отыр. Сондай-ақ, бұл құжат осы саланың барынша ашық болуын қамтамасыз етпек.

В Мажилисе находятся три законопроекта, касающиеся электроэнергетики. Прошу депутатский корпус оперативно рассмотреть их и принять соответствующие законодательные изменения.

Из-за высокого износа коммунальных сетей серьезные аварии регулярно происходят практически во всех регионах. Во многих городах

остро ощущается недостаток базовой инфраструктуры: дорог, линий электропередач, газопроводов и так далее.

Біз еліміздің инфрақұрылымдық қуатын қалыптастыруымыз қажет. Сондықтан мен Ұлттық инфрақұрылым жоспарын қабылдауды ұсынамын. Құжатта осы саладағы басты мәселелер ашық көрсетілуге тиіс. Сонымен бірге 2029 жылға дейін іске асырылатын негізгі жобалар қамтылуы қажет.

Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Маған азаматтардан күн сайын жүздеген өтініш келеді. Оның ішінде қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді сұраған хаттар өте көп. Бұл түйткіл мемлекет тарапынан мүмкіндігінше шешіліп жатыр. Тағы да қайталап айтамын, мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді. Тұрғын үй саясаты нарықтағы ахуалға тығыз байланысты. Сондықтан біз осы саладағы саясатымызды қайта қарап, оның мейлінше әділ әрі икемді болуын қамтамасыз етуіміз керек.

Важную роль призван сыграть Градостроительный кодекс, который систематизирует и кардинально улучшает политику в отрасли. Правительство должно выработать новые подходы к решению вопроса об удешевлении жилья для наших граждан, желающих поселиться в приграничных районах.

Также требуется обратить внимание на модернизацию и создание инженерной, социальной инфраструктуры. На мой взгляд, это важная стратегическая задача.

У нас 65 приграничных районов, и, к сожалению, социально-экономическое положение многих из них находится на низком уровне. Иногда это связано с экономическими факторами, а порой – с неэффективным административно-территориальным делением. Учитывая стратегическую важность данных районов, в рамках разрабатываемой по моему поручению Концепции развития сельских территорий следует предусмотреть конкретные меры по развитию приграничных территорий. Главная цель – снизить отток населения, создать комфортные условия для жизни людей, придать новый импульс экономическому развитию приграничных районов.

ТӨРТІНШІ. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру қажет. Ашығын айтсақ, агроөнеркәсіп кешені бұл міндетті толық орындап отырған жоқ. Осы саладағы саясат бірізді емес. Мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаражат тиімді жұмсалмайды. Өнім өндіруші мен тұтынушының арасында делдал көп.

В частности, отмечаются завышенные требования к залоговому обеспечению. Медленно развиваются альтернативные инструменты фондирования агробизнеса. Это негативно повлияло на динамику продовольственной инфляции.

Ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға қажетті жағдай жасау – мемлекеттің міндеті. Сонымен қатар ауыл-аймақтарды кешенді түрде өркендету аса маңызды. Елімізде бірнеше жылдан бері «Ауыл – ел бесігі» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Соның аясында 1 мыңнан астам ауылдағы үш мың жеті жүз нысан жаңғыртылды. Оның бәрі – әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандары. Бұл жұмыс болашақта да жалғасады. Биыл тағы 1,5 мыңнан астам жобаға бюджеттен 143 миллиард теңге бөлінеді.

Мен сайлау алдында ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту қажеттігі туралы анық айттым. Бұл-маңызды міндеттің бірі. Оны ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы жүзеге асыру керек. Сол үшін «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынады.

ты» жобасы қолға алынады.

Ауыл тұрғындарына 5-7 жылға жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Ауыл шаруашылығы кооперативтері халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу үшін құрылады. Оларға құрал-жабдық және техника сатып алу үшін субсидия беріледі. Осы мақсатқа 1 триллионға жуық теңге бөлінеді.

«Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты» жобалары ауылды дамытуға арналған жаңа тұжырымдамаға арқау болуға тиіс. Топырақтың құнарын сақтап, оны жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін бақылауды күшейту маңызды. Өнім көлемін арттыруға және оны әртарапандыруға баса мән берген жөн. Ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға сапалы заңдар қажет. Бұл жұмысқа Мәжілістен орын алған «Ауыл» партиясы өз үлесін қосады деп сенемін.

Тағы бір мәселе – су қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл – стратегиялық маңызы бар міндет. Алдағы уақытта су мәселесі ушығып кетуі мүмкін. Сол себепті бізге оның алдын алу қажет. Қазір Үкімет Су кодексінің жаңа жобасын әзірлеп жатыр. Су ресурстарын тиімді басқаруға және оларды қорғауға баса назар аудару керек. Осы жұмыста ғылыми ұстанымды, инновацияны, халықаралық озық тәжірибені басшылыққа алған абзал.

Біздің елде судың 65 пайызы ауыл шаруашылығы саласына жұмсалады. Соның 60 пайызға жуығы құмға сіңіп кетеді. Мұндай ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Жаңа тариф саясатына көшу қажет. Оны дереу қолға алмасақ, ахуал одан әрі күрделене түсетіні анық.

Принципиальное значение имеет цифровизация объектов водоснабжения и всей водной отрасли. Предстоит масштабная реконструкция оросительных каналов, переход на автономное управление гидротехническими сооружениями, автоматизация учета воды, внедрение квот на использование водных ресурсов. Все эти вопросы требуют качественного нормативно-правового и законодательного обеспечения.

БЕСІНШІ. Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек.

Бұл мәселе менің айрықша назарымда екенін білесіздер. Себебі, Қазақстанның басты байлығы – адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет. Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті. Балабақша тапшылығы біртіндеп азайып келеді. Барлық облыста мектеп салу, оны жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданды. Бірақ, мұның өзі жеткіліксіз. Білім сапасын, әсіресе, орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажет.

Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек. Алайда, мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмайды. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс.

Мұғалім тапшылығын желеу етіп, мектепке кез келген адамды жұмысқа ала беруге болмайды. Мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендетеді. Сол се-

бепті мұғалім даярлау ісін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл – өскелең ұрпақтың болашағына байланысты өте маңызды міндет.

Білім беру жүйесіндегі менеджментті жақсартуға баса мән берілуге тиіс. Осы салаға нағыз кәсіби мамандарды тарту қажет. Бізде Президенттік жастар кадр резерві бар. Дәл сол сияқты білім саласына өзгеріс әкелетін 1 мың маман арнайы дайындықтан өтетін болады. Осыған орай тиісті бағдарлама қабылданады. Кадр мәселесі жоғары білім беру жүйесі үшін де өте өзекті.

Адам капиталын дамытуға қатысты тағы бір мәселе – Денсаулық сақтау жүйесінің тиімді болуы. Еліміздегі медицина инфрақұрылымын жақсарту қажет. Оның жайкүйіне қатысты түйткілдер аз емес. Мемлекет соның бәрін біртіндеп шешіп жатыр. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл-аймақта 600-ден астам нысан салу жоспарланған. Жұмыстың бәрі уақтылы әрі сапалы жасалуы керек. Бұл – өте маңызды. Барлық жауапкершілік әкімдерге жүктеледі.

Сондай-ақ, медицина қызметкерлерінің құқығын қорғауға көп көңіл бөлу қажет. Олардың әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмауға тиіс. Осыған қатысты арнайы заң жобасы Парламентте бір жылға жуық талқыланды. Бұл құжатта, негізінен, дәрігерлердің жауапкершілігін сақтандыру ғана көзделген.

При этом конкретные меры по повышению престижа медицинской профессии, предложенные специалистами и депутатами, в основном, сведены на нет. Важно, чтобы медицинские работники имели гарантированную законом защиту своих прав. Парламентариям следует уделить должное внимание решению данного вопроса.

Қазір саламатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыту айрықша маңызды. Әсіресе, балалардың спортпен айналысуына жағдай жасау қажет. Мұның бәрі халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді. Мен бұл мәселе жөнінде Жолдауымда айттым. Мемлекет спорт инфрақұрылымын жетілдіруге көп көңіл бөледі. Елімізде 43 мыңнан астам спорт ғимараты бар. Олардың жартысынан көбі ауылдық жерде орналасқан. Бірақ, қарапайым және қолжетімді нысандар әлі де аз.

Спорт ғимараттарының басым бөлігі мемлекет меншігінде. Оларды күтіп ұстауға бюджеттен қомақты қаржы бөлінеді. Спорт саласын өркендетуге жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, меценаттардың және жарнама берушілердің әлеуетін пайдалану қажет. Сондай-ақ, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілін кеңінен қолдану керек. Бұқаралық спортты дамытуға тұрғындардың ынта білдіріп, белсенді атсалысуы маңызды. Мемлекет бұған барлық жағдайды жасауға тиіс.

Предприниматели и другие граждане, которые вкладывают свои средства в развитие массового спорта, помогают популяризировать здоровый образ жизни, будут удостоиваться самых высоких государственных наград. Жалпы, бұл саладағы жұмыста көзбояушылық пен әміршілдік-әкімшілдік тәсілден бас тарту қажет. Үкімет пен әкімдіктер тиісті бағдарлама әзірлеп, шешім қабылдаған кезде осының бәрін ескеруге тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Мәдениет саласындағы саясатты жан-жақты ойластырып жүргізу керек. Қазір бұл саланы өркендету үшін жаңа тұжырымдама жасалып жатыр.

Еліміздің мақсаты айқын, бұл- Әділетті Қазақстанды құру

(Соңы. Басы 1-2-3-беттерде).

Бұл құжат еліміздің мәдени мұрасын сақтау, насихаттау және ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде шешуші рөл атқарады деп сенемін.

Шығармашыл зиялы қауым көпшіліктің көңілінен шығатын, мемлекеттің мүддесіне сай келетін туындылар ұсынады деп үміттенемін. Осы ретте креативті индустрияға жүйелі қолдау көрсету өте маңызды. Адам капиталын тұрақты дамыту жылдам өзгеріп жатқан қазіргі әлемде табысты ел болудың басты кепілі болады деп санаймын. Біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру арқылы әділетті мемлекеттің және үйлесімді қоғамның негізін қалаймыз. Мен «Қазақстанның халық әртісі» атағын қайта қалпына келтіру туралы шешім қабылдадым. Биыл қазан айында – Республика күнінде осы атаққа лайықты мәдениет қайраткерлерінің алғашқы тобы марапатталады.

АЛТЫНШЫ. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау – басты міндеттің бірі. Қиындыққа тап болған жандар еш көмексіз қалмауы керек. Мемлекеттің әділдігі мен қоғамның жанашырлығы осындайда көрінеді. Әсіресе, ана мен баланы қорғауға айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Менің тапсырмаммен биыл бала күтіміне жәрдемақы беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға ұзартылды. Тұрмысы төмен отбасындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға берілетін әлеуметтік көмек қайта қаралды. Енді 100 мыңнан астам бала бұл көмекті ақшалай алатын болады. Көп балалы отбасыларға да айтарлықтай қолдау көрсетіліп жатыр. Жарты миллионнан астам отбасына арнайы жәрдемақы төленеді.

Мен былтыр «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтердім. Қазір осы бастаманы жүзеге асыруға дайындық жүргізіліп жатыр. Мемлекет мұқтаж жандарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді жағаластыра береді. Осы орайда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арнайы тоқталғым келеді. Елімізде осы санатқа кіретін 700 мыңнан астам адам бар. Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы оларға оңай тиіп отырған жоқ. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдарды және олардың күтушілерін қолдау шараларын күшейтуіміз қажет.

Сондай-ақ, асыраушысынан айырылған азаматтар назардан тыс қалмауы керек. Осы орайда Үкіметке аталған санаттағы адамдардың жәрдемақысын орта есеппен 14,5 пайызға көбейтуді тапсырамын. Мұны биылғы 1 қыркүйектен бастап қолға алу қажет. Қазақстан біздің аймақтағы осындай әлеуметтік жәрдем беретін жалғыз мемлекет деуге толық негіз бар. Жалпы, әлеуметтік қолдау алдын-ала және шын мәнінде мұқтаж жандарға көрсетілуге тиіс.

Дегенмен, кез келген көмек маңыздылыққа себеп болмауы керек. Әсіресе, еңбекке жарамды жас азаматтар жәрдемақыға қол жаймауға тиіс. Денсаулығы мықты, күш-қуаты бар азаматтар үшін бұл – ұят нәрсе. Ал, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарға айрықша көңіл бөлу керек. Осындай жұмысшыларға арнайы төлем төлеу мәселесін ойластырған жөн. Бұл ретте еліміздегі және халықаралық тәжірибені мұқият зерделеу маңызды. Мемлекеттік көмек әлеуметтік қатердің салдарын жоюға емес, оның алдын алу үшін берілуі қажет. Парламент пен Үкімет осы бағытта

бірлесіп жұмыс істеуі керек. Қазақстан халық партиясы мен Жалпыхалтық социал-демократиялық партиясының депутаттары әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене атсалысады деп сенемін.

СЕДЬМОЕ. Следует продолжить укрепление системы защиты прав человека. Соблюдение принципа верховенства права во всех сферах жизни должно стать фундаментом поступательного прогресса нашей страны. Важно, чтобы каждый гражданин был уверен в защите своих прав, не сомневался в справедливости судов. Ключевую роль здесь играет формирование высокопрофессионального и неподкупного судейского корпуса.

С другой стороны, нужно, чтобы у всех граждан был равный доступ к качественному юридическому услугам для защиты своих прав в суде. С этой целью государство гарантирует юридическую помощь пострадавшим из социально уязвимых категорий.

Сондай-ақ, адвокаттардың рөлін арттыра түсу қажет. Оларға сотқа дейінгі тергеудің басынан бастап қылмыстық істің материалдары еш кедергісіз берілуге тиіс. Жұрт заңдардың кейбір ережелеріне наразылық білдіріп, шағым айтуда. Конституциялық Соттың шешімдері кейбір шағымдардың орынды екенін көрсетіп отыр. Яғни заңнаманың жекелеген нормалары Ата заңға қайшы екені анықталды. Бұл келеңсіздіктер құқық қолдану ісінде қиындықтар туғызады. Конституцияға қайшы мұндай нормалар жарамсыз деп танылады. Осындай ережелерге сүйеніп қабылданған соттың және басқа мемлекеттік органдардың шешімдері қайта қаралуға тиіс. Заңдарымыз Конституцияға толық сай болуы керек. Парламент осы маңызды мәселеге байланысты табандылық танытып, басты рөл атқаруы қажет. Бұл жұмыс азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жүйесін күшейте түсуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау саласындағы тағы бір күрделі мәселе – адам саудасы. Бұған тосқауыл қою үшін арнайы заң қабылдау қажет. Тақой закон обеспечит защиту и социальную поддержку гражданам, ставшими жертвами торговли людьми. Это крайне актуально в условиях нарастающих глобальных и региональных процессов вынужденной миграции.

Необходимо, чтобы закон вобрал в себя лучший мировой опыт, но, конечно же, с учетом наших национальных интересов. Поэтому к его разработке, наряду с отечественными экспертами и юристами, следует привлечь представителей международных организаций.

СЕГІЗІНШІ. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру қажет. Сайлау алдындағы бағдарламалар және уәделер ретімен орындалуы керек. Сонда азаматтардың билікке және шынайы өзгеріске деген сенімі артады. Реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру ісінде мемлекеттік қызметшілер маңызды рөл атқарады. Сол себепті жұмысқа ынтасы бар және жоғары білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту керек. Жеке секторда жүрген кәсіби және дарынды басқарушылар үшін жол ашық болуға тиіс. Бізге мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу қажет. Орталыққа жалтақтамай, жергілікті жерде мәселені шешуге дағдылану керек. Мемлекеттік органдардағы жұмысты

ұйымдастыру мәдениетін де толық жаңғыртқан жөн.

Далее. В прошлом году началась важная работа по дебиюрократизации деятельности системы государственного аппарата и нормотворческого процесса.

Созданы необходимые условия для быстрого принятия качественных законов по наиболее значимым вопросам. Однако, надо признать, реальная дебиюрократизация не произошла.

Правительство медлит с принятием важнейших решений, которые ввязут в рутину бюрократии и многочисленных согласований между ведомствами, между Правительством и Администрацией Президента.

Министры опасаются принимать решения, перекладывая ответственность на коллег или подчиненных. Все это недопустимо.

Критически важным фактором эффективности системы государственного управления выступает цифровизация.

Помимо развития инфраструктуры Электронного Правительства, нужно также сфокусироваться на дальнейшей цифровизации представительной ветви власти.

Электронный парламент и маслихаты всех уровней способны значительно укрепить доверие общества к власти.

Одним из базовых условий результативности проводимых реформ является наличие полных и достоверных данных.

Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету үшін деректер қорын өзара кіріктіру және «ақылды технологияны» пайдалану өте маңызды. Бұл қадам қабылданатын шешімдердің сапасын арттырады. Сондай-ақ, шалғайдағы ауыл тұрғындарына осы игіліктің бәрі қолжетімді болады. Ол үшін мемлекеттік қызмет, мемлекеттік статистика және мемлекет көрсететін қызметтер туралы заңдарға өзгертулер енгізу қажет.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жаңғырту мәселесіне жеке тоқталғым келеді. Соңғы жылдары әлемде теңдессіз геосаяси, экономикалық және технологиялық өзгерістер болды. Осыған орай біздің кейбір стратегиялық құжаттарымыз өзектілігін жоғалтты. Сондықтан «Қазақстан – 2050» стратегиясын түбегейлі қайта қарау қажет. Яғни бұл құжатты қазіргі жаһандық үдерістерді ескере отырып, ел дамуының ұзақ мерзімге арналған басымдықтарын айқындайтын стратегияға айналдыру керек.

Жалпы, кез келген жұмыс мұқият жоспарлануы керек. Сонда мемлекеттік саясат стратегиялық сипатқа ие болады және тұрақты жүзеге асырылады. Сонымен бірге еліміз кез келген сын-қатерге төтеп бере алады.

Құрметті депутаттар, сіздер әрдайым барлық істің бел ортасында боласыздар. Бірақ, мына мәселені баса айтқым келеді: ел мүддесінен жоғары ештеңе жоқ. Сондықтан, популизмге, жеке бастың мүддесін көздеуге жол бермеу керек. Парламент пен маслихаттар әрдайым бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Сонда мемлекет саясаты барынша үйлесімді болады. Жергілікті биліктің шамасы келмейтін ауқымды мәселелерге орталық дер кезінде көңіл бөледі.

Реформалардан кейін депутаттардың өкілеттігі біршама кеңейді. Қос палатаның жұмысына бірқатар өзгеріс енгізілді. Бұрын заң жобасын Мәжіліс мақұлдап, Сенат қабылдайтын. Енді заң қабылдау құзыреті

Мәжіліске берілді. Мәжіліс басқа да артықшылыққа ие болды. Сондықтан осы залды Мәжіліске тұрақты түрде пайдалану үшін беру керек деп ойлаймын. Осылайша, жоғары өкілді орган шын мәнінде ықпалды Парламентке айналды.

Мен Премьер-министрдің кандидатурасын сайлауда жеңіске жеткен партия Мемлекет басшысына ұсынуға құқылы деп айттым. Осы ретте саяси жауапкершілік те сол партияға жүктеледі. Бұл тәсіл «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай келеді. Үкімет әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асыруға тиіс. Болашақта Үкіметтегі және аймақтардағы басшылық қызметтерге түрлі партия өкілдерін тартқан жөн. Ол үшін саяси партиялардың кадрлық резервін жасақтауды ұсынамын. Сондай-ақ, өкілді және атқарушы биліктің қарым-қатынасы жаңаша сипатқа ие болады. Енді Үкімет шын мәнінде есеп беретін Үкіметке айналады.

Министрлердің өз жұмысын жетік білуі ғана жеткіліксіз. Олар өз ұстанымын Парламент алдында қорғауға қабілетті болуға тиіс. Өз бастамаларын қоғамға анық түсіндіруі қажет.

Қазір Үкіметтің қателігі мен кемшілігін ашық айтып, жөнге салып отыруға толық мүмкіндік бар. Осы мүмкіндікті халық мүддесі үшін дұрыс пайдалану керек.

Парламенттің өз жұмысы да барынша ашық болуға тиіс. Бүгінде оның жиындары интернет арқылы көрсетіледі. Бұл жақсы үрдіске айналды. Оған журналистер де, қалың көпшілік те қызығушылық танытады. Парламентте аса маңызды мәселе талқыланса, жалпы отырысты мемлекеттік телеарна арқылы тікелей эфирде көрсету қажет деп санаймын. Азаматтар өздері сәйлаған депутаттың қалай жұмыс істейтінін нақты көріп, баға бере алады. Парламенттегі пікірталастар, шын мәнінде, жалпыхалтық ауқымға ие болады.

Сонымен бірге бұл тәсіл ашық саясат жүргізудің жаңа стандарттарын қалыптастыруға, қоғамдық диалог мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Депутат болу – биік мансап емес, бұл – зор жауапкершілік және маңызды міндет. Сіздерді халық сайлады. Жұрт өздеріңізге сенім артып отыр. Ел сенімі – ел аманаты.

Қадірлі қауым!

Бізге орасан зор жауапкершілік жүктелген. Бұл – өткен тарихтың және болашақтың алдындағы жауапкершілік. Келер ұрпақтың қандай мемлекетте өмір сүретіні біздің бүгінгі шешімдерімізге тікелей байланысты.

Еліміздің мақсаты – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мұның бәрі бір күнде жасалатын шаруа емес. Баршамыз табанды, еңбекқор, білікті, ұқыпты, тәртіпті болуымыз керек. Ең алдымен, отаншыл болуымыз қажет. Ұлттың және мемлекеттің мүддесі бәрінен биік тұруға тиіс. Әрине, қоғамның дамуы үшін пікір алуандығы қажет. Бірақ, елдік мәселелерге келгенде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген жөн.

Елімізді өркендету үшін еңбек ету – баршамыздың азаматтық борышымыз. Ендеше, Отан алдындағы осы перзенттік парымызға әрдайым адал болайық.

Жұмыстарыңыз табысты болсын! Қазақстанымыз көркейе берсін!

Сегізінші шақырылымдағы аудандық мәслихаттың бірінші сессиясы болып өтті

Ағымдағы жылдың 19 наурыз күні Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісін және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттарын сайлау өткені баршаға мәлім. Осылайша, бұл сайлау Қазақстанның құқықтық мемлекет пен ашық демократиялық қоғам орнату жолында тағы да бір нық қадам жасағанын дәлелдеп берді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 11 бабында «Мәслихаттың бірінші сессиясын тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы ашады және мәслихат төрағасы сайланғанға дейін жүргізеді» деп көрсетілген. Осыған сәйкес 30 наурыз күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өткен сегізінші шақырылымдағы аудандық мәслихатының бірінші сессиясын аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Әбубәкір Сахиұлы ашып жүргізіп отырды. Ә.Сахиұлы аудандық аумақтық сай-



лау комиссиясының атынан халық таңдаған жаңа мәслихат депутаттарын құттықтап, - жалпы аудандық мәслихатқа депутаттық 14 мандатқа аудан бойынша 52 үміткер тіркеліп, сайлауға дейін 20 үміткер түрлі себептермен үміткерліктен өтініштерін қайтып алғанын атап өтті.

Сайланған депутаттар «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Заңының 45 бабына сәйкес 24 наурыз күні аудандық мәслихаттың депутаты болып тіркелген. Сонымен қатар, аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы сегізінші шақырылымдағы Созақ аудандық мәслихатының құрылғанын хабарлай отырып, депутаттарды өкілеттіліктерінің басталғанын жариялап, құттықтап, депутаттарға мандаттарын және омырау белгілерін табыстады.

Сессияның күн тәртібіндегі мәселе бойынша, яғни Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы Созақ аудандық мәслихатының төрағасын сайлау болып табылады. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңының 19 бабында депутаттар мәслихат төрағасын ашық немесе жабық дауыспен сайлайды деп көрсетілген. Заңға сәйкес депутаттар ашық сайлауды алға тартты. Депутат Бекишов Құрманғали Әбиұлы мәслихат төрағасы қызметіне, депутат Жәмиев Ордабек Мырзабекұлының кандидатурасын ұсынды. Депутаттардың толық қолдауымен Жәмиев Ордабек аудандық мәслихаттың төрағасы болып сайланды.

Бұдан соң заңға сәйкес сессия жұмысын жаңа төраға тізгіндеді. Сессияның күн тәртібінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңы мен аудандық мәслихаттың регламентіне сәйкес;

1. Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы тұрақты комиссияларын құру және олардың сандық құрамын бекіту;

2. Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы тұрақты комиссияларының төрағаларын сайлау туралы;

3. Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы тұрақты комиссияларының мүшелерін сайлау туралы мәселелер ұсынылды.

Сонымен Созақ аудандық мәслихатының «Бюджет және экономикалық даму мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы болып депутат Сүгірбаев Бағлан Қанжарбекұлы сайланды.

«Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру» жөніндегі комиссия төрағасы болып депутат Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы сайланды. Сессия жұмысы барысында комиссия төрағалары сайланып, комиссия мүшелері бекітілді. Осымен сессия өз жұмысын аяқтады.

Аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы аудандық мәслихаттың сегізінші шақырылымының депутаттарын құттықтап, алдағы ел игілігі үшін атқарар жұмыстарына сәттілік тіледі.

Нұржамал МАЙУСОВА.
Журналист.

Аудан орталығы Шолаққорған ауылының Ақшам және Наурыз мөлтек аудандарын толықтай ауыз сумен қамту мақсатындағы жұмыстар ағымдағы жылы жалғасын табады. Сонымен қатар, заманауи үлгідегі 200 орындық спорт кешенінің сараптамалық құжаттары әзірленуде. Мұнан бөлек «Жайлы мектеп» жобасы аясында 900 орындық Ы.Алтынсарин атындағы жаңа мектептің құрылысын бастау жоспарлануда. С.Қожанов атындағы ескі музей ғимараты балалар шығармашылық үйіне арналып, күрделі жөндеу жұмыстары



Қарабұлақ елді мекені мен Шолаққорған ауылының Жібек-Жолы-2, Ж.Ерімбетов, А.Спатаев көшелерінде балалар ойын алаңын салу, А.Иманов, Қ.Рүстемов, Е.Өмірбеков, Әйтеке би, Жангелдин, көшелеріне көше жарығын жүргізу жоспарлануда.

Бұл туралы аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауыл округінің тұрғындарымен өткізген жиында баяндады.

Тұрғындар аудан әкімдігі тарапынан жасалып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, бірқатар ұсыныс-пікірлерін жолдады. Аудан

Аудан орталығында ауқымды жобалар жоспарлануда

жүргізілді. Шолаққорған ауыл округіне қарасты Балдысу, Қарабұлақ елді мекендерінің атауы жоқ 1 көшелеріне, Жеткіншек елді мекенінде атауы жоқ 2 көшеге орташа жөндеу және жарықтандыру жұмыстары жүргізілетін болады. Сондай-ақ, Абай елді мекенінен атауы жоқ 1 көшеге орташа жөндеу жұмыстары да енгізіліп отыр. Осылайша би-

ылғы жылы шағын елді мекендерге де көңіл бөлу деміз. Шолаққорған ауылынан Нұрлы жол көшесін, Қаламбаев пен Жамбыл көшелерінің жалғасын, Өмірбеков және Төлендиев көшелерін қосатын көлденең көшеге орташа жөндеу жұмыстарына қаржы қарастырылды. Алдағы уақытта тиісті жұмыстарды қолға алып, демеушілер есебінен

басшысы тұрғындар тарапынан көтерілген әр бір ұсыныстың маңыздылығына тоқталып, жауапты мамандарға орындау үшін тиісті жұмыстарды қолға алуды тапсырды.

Жиын соңында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Тиісті бөлім-мекеме басшыларына шешу жолдарын айтып, тапсырмалар жүктелді.

Таукент кент округі тұрғындарымен кездесті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің тұрғындармен кездесуі Таукент кент округінде жалғасты. Жиында биылғы жылы аудан көлемінде атқарылар жоспарларымен бөлісті. Өткен жылы кент округте тұрғындар сұранысына орай тиісті жұмыстар атқарылғанын айтып, ағымдағы жылы жасалатын жұмыстарды баяндады.

-Біз бұған дейін де бірнеше мәрте кездесіп, сіздерді толғандырып жүрген әлеуметтік және басқа да өзекті мәселелерді бірге талқылаудамыз. Осылайша жасалып жатқан жұмыстарды ашық, айқын түрде көрсетіп, оны мына сіздерге тиісті отырамыз,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Жиында тұрғындар тарапынан бірқатар мәселелер көтеріліп, сала бойынша мемлекеттік гранттар, денсаулық сақтау саласы, әлеуметтік жәрдемақы сынды көкейде жүрген сұрақтарын жеткізді. Көтерген мәселенің орынды екеніне тоқталған аудан басшысы, бюджет мүмкіндігіне қарай, кезең-



кезеңімен шешу үшін тиісті жұмыстарды қолға алатынын атап өтті. Сондай-ақ әр сала бойынша қойылған сұрақтарға тиісті мамандар тарапынан жауап беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Қоғамдық кеңесте

Азаматтарды қабылдады



Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің ұйымдастыруымен аудан тұрғындарының қоғамдық қабылдауы болып өтті. Қоғамдық қабылдауда Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы, төраға орынбасары Селтеков Әліпбек, кеңес мүшелері Нысан-

баев Айдархан, Смахова Бахыт қатысты.

Қоғамдық қабылдауға келген Шолаққорған ауылының тұрғыны Сарғынбаев Мейрамбай ақсақал келіп өзекті бірнеше мәселе қозғады, ауыз су, көшені жарықтандыру, Шолаққорған Жеткеншек елді мекендер арасын-

дағы көпірді үлкейту, тасқын салдарынан су шайған аяқ жолдарды қалыпқа келтіру мәселесін көтерді. Өз кезегінде Қоғамдық кеңес төрағасы Мұрат Жексенбайұлы Сапаров аталған мәселелер бойынша тиісті бөлімдерге арнайы хат жолданып, айтылған мәселелерді бақылауда болатынын және тиісінше жауап берілетіндігін атап өтті.

Сондай-ақ аталған мәселелерге қатысты Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол ашылу және көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Ербол Аманов өтініш иесіне тиісінше жауап берді.

Мұхтар ҚИЯСБАЕВ,
Кеңес хатшысы.

Дін мен мемлекет ара қатынасы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады», - делінген. Конституциялық негіздегі «Зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін білдіреді. Яғни зайырлылық – дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол – мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы.

Зайырлы мемлекет азаматтық қоғамның құрамдас элементі ретіндегі діни бірлестіктердің қызметін де реттеп отырады. Мемлекеттің зайырлы сипаты азаматтық қоғам субъектілерінің заңдар мен құқықтық нормаларды қатаң сақтауын және өз қызметтерін осы құқықтық, заңнамалық шеңберде жүзеге асыруын талап етеді.

Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Дін мемлекеттен бөлінгенімен, халықтың болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен бөліне алмайды. «Зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екендігін, діни сенім бостандығының қамтамасыз етілетіндігін танытады. Мемлекет пен діннің арақатынасындағы жанды байланыстар зайырлы және рухани-діни құндылықтардың арақатынасы негізінде орныққан.

Дін – мемлекеттік саясаттағы және қоғам азаматтарының рухани өмірі мен мәдениетіндегі маңызды факторлардың бірі. Адам мен қоғам өмірінде ерекше орын алатын дін рухани мәдениеттің қалыптасу үдерісінде негізгі функцияларды атқарады, мәдениеттер мен өркениеттердің дамуына ықпал етеді.

Діннің саясатқа қатысы жоқ деп талап ету шындыққа жанаспайды. Өйткені діндер қоғамның социологиялық бөлігі болып табылады және олар саяси заңдылықта тиімді. Тарихта ең көп талқыланған мәселелердің бірі – дін-мемлекет-саясат қатынасы. Дамушы қоғамдарда дін саясатқа әсер ету арқылы биліктің қалыптасуына себепші болса, екінші жағынан саясаткерлер дінді бүкіл әлеуметтік өмірге тарату үшін пайдаланады. Олар өздерінің заңдылығын діннен алатынын мәлімдейді. Сонымен қатар, бүгінде жаһандық және империалистік күштер әртүрлі елдер мен қоғамдарды дінді басқару үшін пайдаланып, заңды үкіметтерге қарсы діни және секталық соғыс жүргізіп, үкіметтерді қиын жағдайда қалдыруда.

Баршамызға белгілі көптеген мемлекеттер теократиялық және зайырлы сипатта негіз алады. Теократиялық мемлекеттер басымдылықты дінге беру арқылы өмір сүреді. Зайырлы мемлекет дегеніміз дін мен мемлекеттің бір-біріне жанасуысыз жүзеге асатын ұстаным. Зайырлы мемлекеттің адамдары қай дінде, қай тілде, қандай дәстүрді ұстанатындығын өзі біледі. Алайда, белгілі бір нормативтік жүйеге бағынады. Зайырлы мемлекет сипаттамасын және заңын жазасың.

Дін мен мемлекет бір-бірінен ешуақытта бөлінуі мүмкін емес. Дінді адамсыз, адамды имансыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да екеуі ұдайы бір-бірімен қарым-қатынаста болатыны белгілі.

Діни ұйымдар өз тарапынан мемлекет пен мемлекеттік мекемелердің істеріне, саяси өмірге араласа алмайды, түрлі саяси партияларды ұйымдастырумен айналыса алмайды, олардың жұмыстарына араласа алмайды, діни ұйымдар ретінде мемлекетті басқару сайлауына қатыса алмайды, қандай да бір діни ұйымнан өз депутаттығына кандидатты ұсына алмайды немесе мемлекеттік органдарға сайлауды қаржыландыра алмайды. Бірақ, азамат ретінде, жеке тұлға ретінде, басқа азаматтар сияқты сайлауға қатыса алады, кез-келген саяси партияның мүшесі бола алады. Зайырлы мемлекетте азаматтардың құқықтары ешқандай дінмен немесе діни нанымдармен байланысты емес. Осыған байланысты, мемлекеттік қызметшінің қандай да бір діни нанымды ұстануға құқығы бар екенін ерекше атап өткім келеді. Бірақ өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып, кез-келген конфессияға артықшылық беруге жол берілмейді.

Қорытындылай келе адамның ішкі жан дүниесін кемелдендірумен дін айналысса, мемлекет адамның қоршаған ортасының дамуына жағдай жасау арқылы қоғам тұтастығын, бейбітшілік пен келісім ішінде өмір сүруін мақсат тұтады. Мемлекет қоғамның рухани дамуына діннің ерекше үлес қосатындығын мойындайды. Дін адамның дүниетанымының, қоғамдық сананың, әлеуметтік мінез-құлықтың маңызды құрамдас бөлігі болып қала беретіні анық.

**А.ҚҰРМАНБЕК,
Теолог маман.**

«Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасымен Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және архивтік құжаттардың көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары бекітілді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы не «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың

алты жасқа толмаған адамға сұрау салу жіберген кезде, сұрау салынған адамның ата-анасының деректерін көрсетеді. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер бар болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 2 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабардар етеді. Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау

лекеттік көрсетілетін қызметпен бірге көрсетіледі. Апостилі бар архивтік анықтаманы ұсынғаны үшін көрсетілетін қызметті берушіден архивтік анықтаманың дайындығы туралы хабарламаны алғаннан кейін мемлекеттік баж салығы алынады. Апостилі бар архивтік анықтаманы алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті берушіге прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қоюға өтініш береді. Портал арқылы «Бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметті алу үшін электрондық өтініш берілген жағдайда, көрсетілетін қызметті

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тиімділігі

тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалар нысан бойынша «Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және оның аумақтық органдарының архивтері шегінде архивтік анықтамаларды және немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру». Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтиды. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Ақпараттық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде, құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және құжаттарды қабылдаған күні ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысаны арқылы көрсетілетін қызметті берушінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жібереді. Мемлекеттік корпорация құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге оларды қабылдаған күні жеткізуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі. Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалармен көзделген тізбеге сәйкес толық құжаттар топтамасын ұсынбаған, қолдану мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, сондай-ақ, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың мәліметтері және олардағы деректердің шынайы еместігі анықталған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және архивтік құжаттардың көшірмелерін беруге құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Көрсетілген қызметті алушы 1940 жылдың 1 қаңтарында он

көрсетілетін қызметті алушы хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі. Құжаттар топтамасы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің талаптарына сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті беруші 8 жұмыс күні ішінде арнайы қоныс аударуға жіберілген адамдарды есепке алатын автоматтандырылған картотекада, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің ААЖ-да сұрау салынған ақпаратқа іздеу жүргізуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті беруші 1 жұмыс күні ішінде сұрау салынған мәліметтерді анықтаған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамалар және архивтік құжаттардың көшірмелерін қағаз жеткізгіште қалыптастырады, оған басшының қолы қойылады және оны Мемлекеттік корпорацияға жібереді, мәлімет болмаған жағдайда жауап қағаз немесе электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті ұсынудың таңдалған әдісіне сәйкес жіберіледі. Таңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға қағаз жеткізгіште архивтік анықтама, мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті алушы таңдаған мемлекеттік қызметті ұсынудың әдісіне сәйкес жауап қағаз немесе электрондық нысанда жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметке көрсетілетін сұрау салуды қарау мәртебесі, сонымен қатар нәтижені алатын жердің орны және күні көрсетілген ақпарат «жеке кабинетке» жіберіледі. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін немесе қағаз жеткізгіштегі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өткенге дейінгі бір күннен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияның филиалына жеткізуді қамтамасыз етеді. Нәтижені беру көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы жеке басын куәландыратын құжатты немесе оның өкілінің нотариус бекіткен сенімхатты және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет «бір өтініш» қағидаты бойынша осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мем-

алушы «Бір өтініш» қағидаты бойынша қызметтің нәтижесін қағаз нысанда алу үшін порталда шетел мемлекетінің «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну атауын және Мемлекеттік корпорация филиалын қосымша таңдайды. «Бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтің нәтижесін кіретін мемлекеттік қызметтердің көрсетілу мерзімі 13 жұмыс күнінен аспайды, оның ішінде; Архивтік анықтаманы дайындау-8 жұмыс күні; Апостилі бар архивтік анықтаманы дайындау 5 жұмыс күні. «Бір өтініш» қағидаты бойынша қызметті көрсету нәтижесі-қағаз жүзіндегі апостилі бар архивтік анықтама не оны көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті берушінің ААЖ-сы істен шыққан, электрондық байланыс болмаған немесе хабарламаны жіберуге кедергі келтіретін басқа да мән-жайлар туындаған жағдайларда, ақпараттық жүйелерді алып жүруге және ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалануға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі дереу техникалық істен шығудың туындауы анықталған кезден бастап 1 сағаттан кешіктірмей, көрсетілген себептерді анықтау және жою үшін шаралар қабылдайды (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін). Хабарламаларды жіберуді 1 сағаттан артық кешіктіруге әкеп соқтыратын әрбір жағдайды көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесінің ақпараттық жүйелерді алып жүруге және АКТ-ны пайдалануға жауапты орындаушысы арнайы журналда белгілейді.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді. Көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға енгізілген өзгерістер және толықтырулар туралы ақпаратты «электрондық үкіметтің ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымының операторына», Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

**Бауыржан БИСЕНБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің
Түркістан облысы бойынша
Басқармасының
аға прокуроры.**

Өмірден тағы бір майдангер өтті



Ұлы Отан соғысының ардагері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, Тагиев Шаміл Махмұтұлы 98 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Тагиев Шаміл Махмұтұлы 1926 жылы Әзірбайжан Республикасы, Карабах елді мекені Косалар ауылында дүниеге келген. 1936 жылы Қазақстанға жер аударылып, Созақ ауданында тұрақтаған. Осы жерде Ленин атындағы мектептің 7-сыныбын тәмамдаған. 1943 жылы соғысқа аттанып, Курск маңында 6 ай соғысқа дайындалып, одан соң Днепр маңына майданға аттанған. Ол жерде 25-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында миномет бөлімінде дәлдеуші болып, Венгрия мен Польшаның жерлерін азат ету шайқасында әркез майданның алғы шебінде болған. 1944 жылдың соңында жарақат алып, сол жердегі госпитальде екі ай ем алып, қайта майдан шебіндегі ұрысқа араласқан. 1945 жылдың соңында елге оралып, соғыста ерлік көрсеткені үшін Отан соғысы орденімен, 1-дәрежелі, Ерен еңбегі үшін медалдарымен марапатталған.

Соғыстан кейінгі жылдары ауылда «Суындық» ұжымшарында есепші болып қызмет етіп, кейін осы совхозда ферма басқарушысы болып еңбек еткен. 1968 жылы Ташкент қаласындағы ауылшаруашылық институтының агрономия факультетін бітіріп, 30 жылдан астам осы совхоздың бүкіл көгалдандыру жұмыстарын атқарған. 1989 жылы зейнеткерлікке шыққан соң «Изенді» шаруа қожалығын құрып, ұзақ жылдар еңбек еткен.

Асыл азаматтың жарқын бейнесі ел есінде ұзақ сақталатын болады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,
О.ЖӘМИЕВ,
Қ.ОРАЗОВ,
А.САТЫБАЛДЫ,
А.БАКИРОВ,
Қ.ЕСПЕНБЕТОВ,
Б.АЯПОВ,
М.ЖАҚСЫБАЕВ.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші ТОО «GREENFUEL» операторы Сәбит тел.8-702-202-00-01 ұялы телефоны, бағасы 205 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолақорған ауылдық округіндегі «AQNIET-2» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 23-7-78 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жарамсыз деп танылсын

Мухашов Біржан Салманұлының иелігіндегі 1983 жылы шығарылған «Маз 5549» маркалі автокөлігінің «KZ 139 LWA/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісіні 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Турмаханова Бибимария Досмаганбетовнаның иелігіндегі «Зил 130» маркалі автокөлігінің «X 865 KYM» санды мемлекеттік тіркеу белгісі мен техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Турмаханова Бибимария Досмаганбетовнаның иелігіндегі «Газ 2403» маркалі автокөлігінің «X 958 HNM» санды мемлекеттік тіркеу белгісі мен техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Ділдабекова Рабиға Ұсайынқызының иелігіндегі «Range Rover» маркалі автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі: KZ 077 ECA/13) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және «Ертөстік» бөбекжай-балабақшасының ұжымы осы балабақшаның әдіскері Саржанова Роза Аташқызына және тәрбиеші Саржанова Жаухар Аташқызына әкелері

Аташтың

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)» № 120-VI ҚРЗ Кодексінің 93-бабына сәйкес Созақ ауданы бойынша 2023 жылы мәжбүрлі түрде таратылуға жататын субъектілердің тізімі

P/c	БСН/ЖСН	СТТН (РНН)	Салық төлеушінің атауы	Салық органының коды	Салық органының мекен жайы
1	840104301058	81310420085	ИП «БАЙХОНОВ Н.Ж.» (БАЙХОНОВ НҰРБОЛАТ ЖАҚЫПҰЛЫ)	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
2	780223303840	581320299060	ИП «Салметов Талғат» (САЛМЕТОВ ТАЛҒАТ ОРАЗӘЛІҰЛЫ)	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
3	860909302747	580220225180	ИП «ТОКАЕВ. Н.Р.» (ТОКАЕВ НҰРЛЫБЕК РЫСБЕКОВИЧ)	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
4	680306302317	581310378124	ЕСБЕРГЕНОВ ҚАЙРАТ БЕРДІБЕКҰЛЫ	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
5	640520400918	581320165872	ТӘЖІБАЙ ҒАЙНИ ҚОЗЫБАЙҚЫЗЫ	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
6	980321300741	581320361707	МЫРЗАБЕКОВ ІЗБАСАР СЕЙІТЖАНҰЛЫ	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
7	930123402124	581221664174	ИП «Базарбаева А.Ж.» (БАЗАРБАЕВА АЙКЕРІМ ЖАНЫБЕКҚЫЗЫ)	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
8	970322301614	581320355460	ИП «Dulat-19» (ЖОЛДАС БАҚТИЯР МАҚСАТҰЛЫ)	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
9	920322301912	581320310812	НҰРСЕЙІТОВ АЛТЫНБЕК АЙТЖАНҰЛЫ	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.
10	910322302770	581320312533	НҰРХОЖАЕВ НАУРЫЗБЕК ТӨЛЕБАЙҰЛЫ	5813	Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы. Мекенжайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №30.

Жегі құртының жолы кесілсе...

Президентіміздің халыққа арнаған әрбір Жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыхалық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетіп келеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай: мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану; қоғамдық бақылау институттарын енгізу; мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау; құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Қоғамды сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәріміз Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы маңдай терімен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

**Нұрбану СҰЛТАНҒАЗИЕВА,
Созақ аудандық статистика басқармасының
бас маманы.**

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың сәуір айының 18 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

Созақ аудандық СЭББ.

Осы оқиға ойымнан кетпейді

Осы оқиғаның болғанына табаны күректей бір жыл өтседе, ішіме шөмендей болып қатқан екінші өзегімді өртеп, ойымнан еш кетпей қойды. Не болсада ойымды ортаға салайын деген ниетпен осы жазғанымды сіздерге жолдап отырмын.

2019 жылдың желтоқсан айының 2-ші жұлдызында ұлым Сегізбаев Дәулеткелді қырық төрт жасқа толған шағында жол апатынан опат болып, дүниеден озды. Артында екі ұл мен екі қыз жетім, әйелі жесір қалды. Мұндай қайғының ата-ана үшін қаншалықты ауыр екенін адам баласының бәрі біледі. Мұны әңгіме етіп айтайын деп отырған жоқпын. «Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші, балаларына жәрдемақы, отбасына қажетті көмектер, т.б. істерді бітіру үшін аудандағы полиция бөлімі, нотариус, «ЦОН» сынды мекемелерді аралап, өтініш жазып, түсініктеме толтыру деген сияқты жұмыспен басым қатып жүрген кез еді бұл. Нотариустан шыға сала, базардың бұрышына барып, нәлеті болғыр темекіні тұтатып, шегіп тұрғаным сол еді, екі полиция қызметкері қайдан шыққанын білмеймін, қасыма келіп, маған дүрсе ұрсып қоя берді. Шынымды айтсам, не айтқандары есімде жоқ. Бір білетінім жерде жатқан темекі тұқылдарын біртіндеп тергізді. «Әй, ананы ал, әй, мынаны ал», - деп, аяғының ұшымен темекінің тұқылдарын нұсқап тұрды. Сөйтіп бір-біріне қарап жымыңдап қояды. Темекі тұқылын оң қолыммен теріп, сол алақаным жинап жатып ойым сан-саққа кетті. Бірінші кезектегі ой: «Осы пәтшағарлар маған: «Қария, бұл жерге темекі шегуге болмайды, мұныңыз ұят қой» десе де, жерге кірердей хәлде болар едім ғой. Дәл осы жерде тізерлетіп, темекі тұқылын тергізбесе болмаспа еді?!». Бұл онсыз да ана есікке бір, мына есікке бір кіріп, баламның өлгенін хабарлап, қажетті құжатты тентіреп сұрап, толтырып, өлермен болып жүрген мен қақбасқа өте ауыр тиді. Кәрілікпен қайғы-қасіреттен бе, көзімнен ыршып жас шығып кетті. Сол мезетте «Әй, атаңа нәлет, Абсамат, жетпіс үш жасқа жетпей, жетпіс үш кесектің астында қалғыр. Сен балаңның артында өстіп қорлану үшін қалған екенсің ғой» деп көзімнен аққан ащы жас сақалымды жағалап, алқымыма қарай ағып жатты. Басымды көтерейін десем, ана полициялар көз жасымды көріп қояды-ау деп намыстанып, еңкейген сайын жерге кіріп кетуге шақ тұрмын. «Әй, тұр» деген дауыстан шошып, селк етіп басымды көтерсем, әлгілер үш полиция болып тұр. Жап-жас жігіттер бір-біріне қарап, жымыңжымың етеді. Біреуі жетекшісі болса керек, қабағын түйіп алған. Маған шүйіле қарап: «Жүр, от-

делге барамыз, сол жерде жауап бересің», - деп дікендейді. Құдды бір аса қауіпті қылмыскерді немесе бір террористі атысып-шабысып жүріп ұстап алғандай кейіп танытады. Не айтарымды, не істерімді білмей, сүйретіліп алдарына түсіп келемін. Екі жағымда екі полиция, артымда біреуі жетелеп машинаға әкеп мінгізді. Бұл кезде мен өзімді-өзім қарғап, «жетпіс үш жасқа келіп, темекі шегіп жүргенше, неге қақалып өлмедім екен» деген өкінішпен көзім бұлдырап, өлекселеніп отырған болатынымын. Сонымен мені полиция басқармасына алып келіп, «КПП-ға» кіргізді. Кезекші полиция офицерінің (шенін көре алмадым, аты-жөнінде білуге мұршам келмеді) мені алып келген жігіттерге: «Сендер, мына қарияны неге алып келдіңдер?» деген сұрағына мен алақанымды жайып, темекінің тұқылдарын көрсеттім. Кезекші офицер мені алып келген полиция қызметкерлеріне «жұмыстарыңа бара беріңдер» деп оларды қайтарып жіберді. Сосын маған қарап: «Қария, ренжімеңіз, үйіңізге қайта беріңіз» деп шығарып салды. Мен аң-таң болып, далаға шыға беріс бұрышта жүрегім ауырған соң, дәрімді ішіп, едәуір уақыт орнымнан қозғала алмай отырып қалдым. Орнымнан эзер тұрып, ілбіп келе жатып, әлгі кезекші офицерге ең болмаса рақметімді де айтпағаным өкінім.

Бұл жерде мен өзімді ақтап отырған жоқпын. Мен кінәлімін, орынсыз жерде, қала берді, төрімнен көрім жақын тұрған шағымда темекі шегіп мағанда обал жоқ. «Өзің де сол керек» дейтін ағайын да табылып қалар. Оған да мақұл. Полиция қызметкерлерінің заңды жұмыс істегеніне де ренішім жоқ. Салатын айыппұлын сала берсін. Тек сол жас полиция қызметкерлері өздерінің ел қорғаны, бейбітшіліктің сақшысы, ұлт мақтанышы екенін біле бермейтін сияқты. Полиция қызметкерлерінің этика, адамгершілік, кішіпейлділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды қағидадан, ең арысы адамның адамға деген адамшылық қарым-қатынасынан, қазақи бауырмашылдықтан жұрдай болғаны өкінішті-ақ. Осындай келеңсіз жағдайлардан барып адамдардың полицияға деген көзқарасы өзгереді емес пе?! «Қазақ қайда барасың?» демекші, кейбір жастарымыздың оғаш қылықтар мен дөрекілікке бой ұратыны – тәрбиенің кемшілігі-ау деген ой туады екен.

Қайғырып, өлермен болып, не істеп, не қойғанымды білмей жүрген кездегі осы оқиға есімнен еш шықпай қойды.

Абсамат СЕГІЗБАЕВ,
зейнеткер.
Қызмешек кенті.



Ерекше қасиетімен танылып жүр

Редакцияға жиі ат басын бұратын Орынбасар ағаны ақын ретінде жақсы танымын. Өлеңдері аудандық газет бетінде жарияланып келеді. Өмірбаянына көз жүгіртсем былайша өрілер еді. Ол 1953 жылы шілде айының 23 жұлдызында бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы, Ащысай поселкесінде дүниесі есігін ашқан. Ата-анасы 1958 жылы Созақ ауданына қоныс аударып, Тасты кеңшарындағы құрылыс бөлімінде жұмыс атқарған. О.Қасенұлы 1960 жылы Абай атындағы мектептің табалдырығын аттаған. Кейін Сызған кеңшарындағы Ф.Мұратбаев атындағы орта мектепке ауысып, 1970 жылы аталған білім ұясын бітіріп шығады. Жас жігіт ауылда қалып еңбек етіп, шыңдалады. Екі жылдан кейін әскер қатарында борышын өтеді. Коми республикасында қызмет жасаған.

Жастайынан ауыл тіршілігімен біте қайнасып өскен ол мал маманы болуға талаптанады. Сөйтіп Жамбыл зоотехникалық мал дәрігерлік техникумына оқуға түседі. Мал дәрігері мамандығы бойынша бітірген Орынбасар Шу кеңшарында мал дәрігері болып, қызметін бастаған. Кейін Сызған кеңшарына комсомол комитетінің хатшысы болып сайланып, еңбек еткен. Содан соң аталған кеңшарда вет аптека меңгерушісі, мал дәрігері қызметтерін абыроймен атқарған.

«Қозмолдақ» ӨК төрағасы, «Қазатөменеркәсібінде» күзетші жұмыстарын жасаған.

О.Қасенұлы Таукент поселкесінде мал дәрігері болып зейнеткерлікке шыққан.

Орекеңнің бойындағы емшілік қасиеті бар екенін ол кісінің әңгімесі арқылы қанықтық. Бойына бірталай қасиетті жинақтаған ол редакцияға бір келгенде былайша сыр ақтарған еді.

-Сонау өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары елде қиыншылық басталғанда адамдардың бірінің тісі, бірінің іші, үстін, жара басып, балаларға тіл тиген, көз тиген кезде оларды қарап, қолымнан келген емімді жасадым. Бірде өзім мең-зең

күйге түсіп, дененің әрбір жері көгеріп, жүре алмай қалдым. Амал жоқ сол кездегі Сызғандағы аурухана меңгерушісі М.Жақсыбергенұлының қабылдауында болдым. Ол кісі мені әбден қарап, тексеріп, облыстық ауруханаға жіберді. Мені онда 60 тан асқан кәріс әйел қарады. Ол: «Саған ота болмайды», - деді. «Ленгер тас жолының бойында үлкен ата бар, сол кісіге бар», - деді. Хирург дәрігерлер: «Сол атаға барсаң, ауруыңнан жазыласың, сенде қазақшылық», - бар дегенді айтты.

Марат аға да менің бойымда биоток барын айтқан болатын. Содан 1996 жылдан бастап сырқат жандарды емдеуге ден қоя бастадым, - деді Орынбасар Қасенұлы.

Ол әңгімесін әрмен қарай сабақтап, өзі емдеп жазған бірталай кісілердің жазбаларын ұсынды.

«Мен Дүйсенбаева Әсем Таукент кентінің тұрғынымын.

2002 жылдың шілде айында 3 жасар ұлымның беті, қолы, аяғы ісіп кетіп, Таукенттегі ауруханаға апарып Қынатоваға көрсетіп едім. Ол дәрігер: «Тез арада сағат 5-ке дейін Шолаққорғанға жеткізіңіз», - деді. Содан енді не болар екен деп, үйге қайтып келе жатсам, жолдасым Нарынбай Орынбасар аға екеуі мені күтіп тұр екен. Сол сәттегі баламның жүзінен адам қорқамды. Орынбасар аға дереу баламның қолы мен аяғын, бетін сипап емін жасады. Сосын енді бір рет ем жасасам жазылып кетеді деді. Расында да екі рет ем жасағаннан кейін баламның ісіктері тарқап, ойнап кетті. Емшілік қасиеті бар ағама алғысым шексіз.

«Мен Тоқпанбетов Нұрлан 2022 жылы аудандық ауруханаға ем қабылдауға жатқанмын. Бұл жерде Орынбасар Қасенұлы да ем қабылдауда екен. Екеуіміз бірге емделдік. Менің сол жақ жамбасым қатты ауырып, қақсайтын. Сол таңғы бес-тен бастап мазамды алды. Сондай-ақ басымда түйіндер бар еді. Осы жайында әңгімелесіп отырып Орынбасар ағаға айтқан едім. Қолының биотогі бар екенін айтты. Көкем мені емдей бастады. Бірінші күні ауырған жерімді ұстап, сипап ем жасады. Алғашқы күні-ақ өзімді жақсы сезініп, тәуір бола бастадым. Мені үш күн емдеді. Бұрын молдас құрып отыра алмайтын едім. Орекеңнің емінен кейін жағдайым мүлде жақсарды. Қазір емін-еркін отыра алатын болдым. Сол аяғым иікпей, ауыратын еді. Емшінің емінен кейін бәрі басылды». Мұндай жазбалар көп.

Орынбасар Қасенұлына айтар алғысым шексіз. Бала шағасының рахатын көрсін. Оның бәрін жариялауға бір мақала көлемі көтермейді.

Міне Орынбасар Қасенұлы көптеген адамға өзінің шипасын дарытып, қуаныш сыйлады. Ақын жанды азамат бойындағы ерекше қасиетімен сырқат жандарға қызмет көрсетіп жүр.

С.МҰХИТ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЙЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.